



Бекітемін
Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов

02.09.2025.

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін жүргізу бойынша педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші маманы, дефектолог, логопед, педагог-ассистент, мейірбике, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен

2025-2026 оқу жылына бірлескен жылдық жұмыс жоспары.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже
1	Жылдық жоспарды бекіту, мақсат-міндеттерді анықтау	Қыркүйек	Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары	Бірлескен жоспар әзірленеді
2	Оқушылардың әлеуметтік-психологиялық диагностикасы	Қыркүйек	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, тәрбие орынбасарлары	Қауіп тобы анықталады
3	Бейімделу кезеңін бақылау	Қыркүйек-Қазан	Психолог, дефектолог, логопед, педагог, ассистент, мейірбике, сынып жетекшілері	Бейімделу деңгейі жақсарады
4	Ата-аналармен жиналыс және кеңес	Тоқсан сайын	педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші маманы, дефектолог, логопед, педагог-ассистент, мейірбике, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Ынтымақтастық нығаяды

5	Буллингтің алдын алу тренингі	Қазан	Педагог-психолог, тәрбие орынбасарлары	Қауіптің төмендеуі
6	Құқықтық тәрбие іс-шаралары	Қараша	Әлеуметтік педагог, тәрбие орынбасарлары, сынып жетекшілер	Құқықтық сауаттылық артады
7	Салауатты өмір салты акциясы	Желтоқсан	педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші маманы, педагог-ассистент, мейірбике, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Денсаулық мәдениеті қалыптасады
8	Ауто-деструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылармен жеке кеңес беру, алдын алу, түзету іс-шаралары	Жыл бойы	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші маманы, дефектолог, логопед, педагог-ассистент, мейірбике, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Қолдау көрсетіледі
9	Қиын оқушылармен жұмыс	Жыл бойы	педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші маманы, педагог-ассистент, мейірбике, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Тәртіп пен сабақ үлгерімі жақсарады
10	Қайырымдылық және әлеуметтік қолдау	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілері.	Аз қамтылған, жартылай жетім, тұл жетім, көп балалы отбасыларға, өгей ата-аналармен тұратын оқушыларға әлеуметтік, психологиялық қолдау ұйымдастырылады
11	Жоғарғы сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру	Ақпан-Наурыз	Кәсіби бағдар беруші	Мамандық таңдауға бағыт беріледі
12	Жылдық қорытынды талдау	Мамыр	педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші маманы, дефектолог, логопед, педагог-ассистент, мейірбике, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Есеп дайындалады

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: 06.10.2025ж

Қатысқандар: 4

- * Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- * Педагог-психологтар
- * Әлеуметтік педагог

Күн тәртібі:

1. Жылдық жоспарды бекіту.
2. Оқушылардың әлеуметтік-психологиялық диагностикасының қорытындысы бойынша қызыл, сары, жасыл деңгейлерін анықтау.
3. 1 және 5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңін анықтау мақсатында тест алу жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Мектептің психологиялық -педагогикалық қолдау қызметінің 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары қарастырылып, негізгі бағыттары таныстырылды. Жоспарда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін көрсету, профилактикалық жұмыстар, диагностика, түзету-дамыту сабақтары және ата-аналармен жұмыс бағыттары қамтылғаны айтылды.

2-мәселе бойынша:

Оқушылардың әлеуметтік-психологиялық жағдайын анықтау мақсатында жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижелері талқыланды. Нәтижесінде оқушылардың психологиялық ахуалы мен әлеуметтік жағдайына қарай қызыл (тәуекел тобы), сары (бақылауды қажет ететін топ), жасыл (қалыпты деңгей) аймақтары бойынша саралау жүргізілгендігі айтылды.

Жалпы оқушы саны – 724

Жасыл аймақ –713

Сары аймақ –10

Қызыл аймақ-1

Қаулы:

Оқушылардың әлеуметтік-психологиялық диагностикасын жүргізіп, нәтижелері бойынша қызыл, сары және жасыл аймақтарға бөліп, тиісті жұмыстар ұйымдастырылсын.

3-мәселе бойынша:

1 және 5-сынып оқушыларының мектепке және жаңа оқу жағдайына бейімделу деңгейін анықтау мақсатында психологиялық тесттер мен сауалнамалар жүргізу қажеттілігі қарастырылып, сауалнамалар алынды. Диагностика нәтижелері бойынша оқушыларға психологиялық қолдау көрсету жұмыстары ұйымдастырылды.

Қаулы:


Мектептің психологиялық -педагогикалық қолдау қызметінің 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Оқушылардың әлеуметтік-психологиялық диагностикасын жүргізіп, нәтижелері бойынша қызыл, сары және жасыл аймақтарға бөліп, тиісті жұмыстар ұйымдастырылды деп есептелінсін.

. 1 және 5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңін анықтау мақсатында тест алу жұмыстарын ұйымдастыру әрі қарай жалғастырылып, жандандырылсын.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Педагог-психолог :



ХАТТАМА № 2

Педагог-психолог, медбике, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші педагог және педагог-ассистенттің бірлескен отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 02.12. 2026 жыл

Қатысқандар: педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші педагог, педагог-ассистент, сынып жетекшілері.

КҮН ТӘРТІБІ

- 1.«Салауатты өмір салты» акциясын ұйымдастыру және өткізу.
2. Буллингтің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру.
3. Ата-аналармен жиналыс өткізу және кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру.

1-мәселе бойынша тыңдалды

Баяндамашы: Медбике.

Мектеп медбикесі оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңыздылығына тоқталып, дұрыс тамақтану, дене белсенділігі, зиянды әдеттердің алдын алу және психологиялық саулықты сақтау бағытындағы жұмыстар туралы баяндады. Акция аясында тренингтер, спорттық іс-шаралар және ақпараттық кездесулер өткізу ұсынылды.

Талқылау

Қатысушылар акцияға барлық сынып оқушыларының тартылғандығын, сынып жетекшілері мен ата-аналардың қатысып ақпараттық бұрыштар ұйымдастырылып, салауатты өмір салтының насихатталғанын айтты.

2-мәселе бойынша тыңдалды

Баяндамашы: Педагог-психолог.

Психолог білім беру ұйымындағы қауіпсіз орта қалыптастыру, буллингтің алдын алу және оқушылар арасындағы сыйластық мәдениетін дамыту жөніндегі жұмыстар туралы баяндады. Түсіндіру сабақтарын, тренингтер мен жеке кеңестер ұйымдастырылғанын айттып өтті .

Талқылау

Педагог-ассистент ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. Кәсіби бағдар беруші педагог ұжымдық іс-шаралар арқылы оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін дамытуға болатынын ұсынды.

3-мәселе бойынша тыңдалды

Баяндамашы: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Ата-аналармен тиімді байланыс орнату, тәрбиелік бағыттағы жиналыстар өткізу және жеке кеңестер беру мәселелері қарастырылды. Балалардың оқу мотивациясын арттыру, қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру және отбасы мен мектептің ынтымақтастығын нығайту бағытындағы жұмыстар талқыланды.

Талқылау


Қатысушылар ата-аналарға психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету бойынша тұрақты консультациялар ұйымдастыруды және жиналыстарда өзекті тақырыптарды қарастыруды ұсынды.

ҚАУЛЫ

- 1 «Салауатты өмір салты» акциясы бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, барлық сыныптарда өткізілді деп есептелінсін.
2. Буллингтің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, тренингтер, түсіндіру кездесулері және жеке кеңестер ұйымдастыру жандандырылсын.
3. Оқушылар арасында қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар тұрақты өткізілсін.
4. Ата-аналармен жиналыстар мен кеңес беру жұмыстары тоқсан сайын ұйымдастырылып, олардың тәрбиелік процеске белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
5. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары жалғастырылсын.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Педагог- психолог:



ХАТТАМА №3

Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші педагог және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының бірлескен отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 12.01.2026 жыл

Қатысқандар: педагог-психолог, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші педагог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, логопед, педагог дефектолог, педагог-ассистент, сынып жетекшілері.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Ауто-деструктивті дағдарыстық мінез-құлық белгілері байқалатын оқушылармен жеке кеңес беру, алдын алу және түзету жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Қиын оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың барысы.
3. Қайырымдылық және әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастыру.

1-мәселе бойынша тыңдалды

Баяндамашы: педагог-психолог.

Педагог-психолог оқушылардың психологиялық жағдайын тұрақты бақылаудың маңыздылығына тоқталып, дағдарыстық мінез-құлық белгілері байқалатын білім алушылармен жеке психологиялық кеңестер ұйымдастыру, алдын алу және түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп жатқаның айттып өтті. Сонымен қатар ата-аналармен, сынып жетекшілерімен және мектеп мамандарымен бірлескен жұмыстың тиімділігі атап өтілді.

Талқылау

Әлеуметтік педагог тәуекел тобына жататын оқушылардың әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізуді ұсынды. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары профилактикалық іс-шараларды сынып сағаттарымен ұштастыру қажеттігін айтты. Кәсіби бағдар беруші педагог оқушылардың қызығушылығы мен болашақ мамандыққа бағытталуы олардың өмірлік мотивациясын арттыруға ықпал ететінін жеткізді.

2-мәселе бойынша тыңдалды

Баяндамашы: әлеуметтік педагог.

Қиын оқушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелері таныстырылды. Олардың сабаққа қатысуы, тәртіп деңгейі және әлеуметтік жағдайы бойынша ақпарат беріліп, әр оқушыға жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы баяндалды.

Талқылау

Қатысушылар қиын оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, үйірмелер мен қоғамдық іс-шараларға қатыстыру, ата-аналармен байланысты күшейту және тұрақты бақылауды жалғастыру қажеттігін атап өтті.

3-мәселе бойынша тыңдалды

Баяндамашы: тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қайырымдылық көмек көрсету, мектеп тарапынан әлеуметтік қолдау ұйымдастыру және демеушілермен бірлескен жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Талқылау

Қатысушылар мұқтаж отбасылардың тізімін жаңартып, қажеттіліктеріне сәйкес материалдық және әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыруды ұсынды.

ҚАУЛЫ

1. Дағдарыстық мінез-құлық белгілері байқалатын оқушылармен жеке психологиялық кеңестер, алдын алу және түзету жұмыстары жоспарға сәйкес тұрақты жүргізілсін.
2. Тәуекел тобына жататын оқушылардың психологиялық және әлеуметтік жағдайына тұрақты мониторинг ұйымдастырылып, қажет болған жағдайда ата-аналарымен жеке жұмыстар жүргізілсін.
3. Қиын оқушылармен жеке жұмыс жоспарларының орындалуы бақылауға алынып, олардың сабаққа қатысуы мен тәртібіне жүйелі талдау жасалсын.
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру бағытындағы тәрбиелік іс-шаралар күшейтілсін.
5. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына қайырымдылық және әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары тұрақты ұйымдастырылсын.
6. Психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет ететін оқушыларды түрлі үйірмелерге, спорттық және қоғамдық іс-шараларға тарту жұмыстары жалғастырылсын.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Педагог-психолог:

